

«Бестөбе кентінің негізгі орта мектебі» КММ

Қамқоршылық кеңесі

I- отырысының хаттамасы

Мерзімі: Тамыз

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі

Мектеп басшысы: С.С.Муканова

Әлеуметтік педагог: Д.М.Ахметова

БТЖО: Ж.Т.Исаева

Күн тәртібі:

1. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру.
2. Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету.
3. Көп балалы отбасы оқушыларды ыстық тамақ ішуін ұйымдастыру.

Тыңдалды.

Күн тәртібінің мәселесін мектеп басшысы С.С. Муканова таныстырды және мәселе бойынша сөз бастады. Ата-аналар, сынып жетекшілер аудандық білім бөлімінің жылдық жоспарына сәйкес 2024-2025 оқу жылында «Мектепке жол» республикалық акциясын ұйымдастыру әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалудың алдын алу, 6-16 жас аралығындағы балаларға орта білім беруді қамтамасыз ету, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізу, аз қамтамасыз етілген отбасы балалары мен көп балалы отбасылардан және жетім ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету мақсатында білім беру мекемелерінде 2024 жылдың 1 тамыз 30 қыркүйек аралығында өткізіледі. Мұқтаж балаларға материалдық көмек көрсету үшін мәслихаттармен, әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерімен, жеке кәсіпкерлермен ынтымақтастықты ұйымдастырылады. Әлеуметтік көмекке мұқтаж балаларға қайырымдылық көмек көрсету үшін киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын, тамақ өнімдерін қабылдау жұмыстары жүргізіледі. Сол себепті әлеуметтік көмекке мұқтаж балаларға көмек қолымызды созып демеуші болайық деп сөзін аяқтады.

Келесі сөзді Әлеуметтік педагог: Д.М.Ахметоваға берді. Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету. Ата-аналар акцияның мақсаты оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, сондай-ақ оқу жылына дайындық уақыты кезінде ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және

әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуін алдын алу. Мектеп жасындағы барлық балаларды орта білімен қамту проблемаларына жұртшылықтың және тұрғын халықтың назарын аударту, және көмек қолын созуды ұйымдастыру.

Жиналыс қаулы етеді:

- «Мектепке жол» акциясының жоспары құрылып, балаларға мектеп формасы, оқу құралдары, киім-кешек, аяқ киім және тағы басқа заттар ұйымдастырылып, берілсін.
- «Мектепке жол» акциясына барлық мұғалім өз үлесін қоссын.
- Көп балалы отбасы оқушыларды ыстық тамақ ішуін ұйымдастыру.

Жиналыстың төрағасы:

Жиналыстың хатшысы:



Т.Н. Малгаждарова

А.А. Алдан